**Қаракемер мектеп-балабақшасының 2022-2023ж оқу жылының**

**6-сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы.**

2022-2023 оқу жылының басы 6 оқушымен басталды.Бұл сыныпта 2 ер бала және 4 қыз бала оқыды.Оқу жылын оқушылардың дайындығын бақылаумен басталды.Ата-анамен байланыс жасап жиналыс жасалынды.Жоспар басында оқушыларды қауіпсіздік ережелерімен таныстыру жұмыстары жүргізілді.Сонымен қатар тәрбие жұмыстарымен қатар оқушылардың сыныптағы жүріс тұрыстарынан бастап оқушылардың өз міндеттерімен таныстыру жұмыстары өткізілді.Көшбасшы сайланып, оқу жөніндегі басшысы және тазалық секторы сайланып, өз міндеттерімен таныстырыды.

**<u>Сынып сағаттарын ұйымдастыру барысы</u>**

Тоқсан басынан бастап тәрбие сағаттарының жоспары бекітілді. 2022 - 2023 оқу жылында жыл басында сынып оқушыларын адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан - жақты, мол сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жасалып бекіттірілді. Жоспарланған жұмыстар уақытылы өткізілді.Сынып сағаттары ұйымдастыру барысында «Нұрлы Отанымыз-тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында алғашқы сынып сағаты өтті.Сонымен қатар оқушылардың құқықтары жөнінде таныстыру барысында «Бала құқығы» атты дөңгелек үстел өтті.Екінші апта басында «Ардақта ата-анаңды» атты сынып сағаттары жүрді.Апта соңында тілдер күніне орай «Тілім менің-ғасырлардан аманат» атты апталық барысында сынып сағаты өтті.Сонымен қатар басқа да сынып сағаттары ашық және жабық түрде өткізіліп 8 бағыт бойынша жұмыстар атқарылды.









**Ата-аналармен жұмыс барысы**

Әр тоқсан аяғында ата-аналармен байланыс жүргізіліп, жиналыс офлайн форматта өткізілді.Ата-аналарға оқушылардың арасындағы қатігездікке баулитын ойындардың алдын алу және тиым салу, кибербуллинг туралы түсінік беріп оқушылардың үлгерімі мен сауалнама мен тренингтер бала тәрбиесіне қатысты баяндамалар оқылды.



**Сынып оқушыларының жалпы жетістіктері:**

| 2022-2023 оқу жылы | **Мектепішілік** | **Аудандық** | **Облыстық** | **Республикалық** | **Халықаралық** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | **Алғыс хат<br>Ағылшын апталығы<br>Интелектуальдық сайыс<br>I орын<br>Мұқағали оқулары<br>Алғыс хат<br>Еркін күрес 1 орын** | **Ілияс Жансүгіров оқулары I орын<br>Еркін күрес 2 орын** | **Ілияс Жансүгіров оқулары Диплом** | **жоқ** | **жоқ** |

Оқушылар қатысатын үйірмелер мен қоғамдық жұмыстар жүргізіліп, оқушылар өз еркілерімен қалаған бағытына барып жетекшілерімен жұмыс жасалынды.Үйірмелер жұмысы бойынша ұл балалар мен қыз балалар арасында волейбол үйірмесі өтіп оқушылар белсене қатысып аудандық деңгейде өз шеберліктерін көрсетіп жүр.Сонымен қатар ер балалар арасындағы күрес үйірмесіне белсене қатысқан Дусупов Ораз аудандық деңгейде өз өнерін көрсетіп түрлі орындар алып жүр.

**Сынып жетекші:Нурекеш Н.**